

**Жолтаева Айбарша Сержанқызының**  
**6D051800 - «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған**  
**«Жобалардағы білімді тиімді басқарудың факторларын анықтау және**  
**бағалау» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ШКІРІ**

Жолтаева Айбарша Сержанқызының диссертациялық жұмысы білімді басқару саласындағы өзекті мәселеге – ұйымды дамыту/трансформациялау жобасын басқару процесінде жаңа білім қалыптастыруға арналған.

Біздің дәуіріміздің ерекшелігі – білімнің дамуды анықтайтын негізгі ресурсқа айналуында. Сонымен қатар, едәуір танымал авторлар (П.Друкер, Э. Тоффлер, Дж. Квин мен Р. Рич) аталған ресурсты білімді басқару саласында ұйымның дамуы үшін қазіргі жағдайдағы жалғыз ресурс деп санайды. Сондай-ақ, осы пәндік саладағы жарияланымдарды терең талдау дамуды басқаруға байланысты қалыптасқан екі мейнстримнің (mainstream) бар екендігін көрсетеді. Бірінші мейнстрим аясында айқын түрде ұсынылған білімге қатысты сұрақтар зерттеледі. Аталған саланың өкілдері жоғарыда келтірілген авторлар болып табылады. Екінші мейнстрим аясында айтарлықтай танымал еңбектерге И. Нонако, Х.Такеучи, Дж. Сазерланда және т.б. зерттеушілердің жұмыстарын жатқызуға болады. Бұл мейнстримнің зерттеу саласы ұйым тіршілігінің ағымдағы процесінде туындайтын қалыптаспаған жасырын білім екенін байқауға болады. Жұмысымызда ұйымның дамуын жоба ретінде қабылдай отырып, жобалардағы білімді тиімді басқарудың факторларын анықтай және бағалай келе, біз екінші мейнстрим қағидаттарын ұстануды жөн көрдік. Бұл 2008 жылы «Технологиялық процесстерді компьютеризациялау және жобаларды басқару» кафедрасынан бастау алып, бүгінгі таңда оның заңды мирасқоры «Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасында жалғасын тауып жатқан «Жобалар арқылы ұйымның дамуын басқару» Тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Білімді басқару пәндік сала ретінде әйгілі РМІ орталығының жұмыстарында да әлі қарастырылмағаны назар аудартады. Жобаларды басқару бойынша білім жиынтығына арналған нұсқаулықтың 6-шы басылымында білімді басқару «Орындау» процестер тобында «Жоба білімін басқару» процесі ретінде ғана орын алады.

Зерттеу базасын таңдауға және осы жұмыстың проблемасын тұжырымдауға қазіргі уақытта Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан шағын бизнес кәсіпорындарын ШОБ-тің неғұрлым жоғары санатына көшіру мақсатында жандандыру міндеті әсер етті. Диссертациялық жұмыста аталған көшірудің негізгі құралы ретінде ұйымның ағымдағы қызметі барысында жаңа бәсекеге қабілетті білімді құру процесі зерттеледі. Бұл ретте ұйымды дамыту/трансформациялау жобасын басқару процесінде білім қалыптастыру проблемасына баса назар аударылды.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында «Білімді қалыптастыру» ұғымымен байланысты білім эволюциясы процесін көрнекі түрде бейнелеу үшін, сонымен қатар осы саладағы болашақ зерттеулердің даму тенденцияларын анықтау үшін терең библиометриялық талдау жүргізілген. Библиометриялық талдау нәтижесінде «білімді қалыптастыру» түсінігіне байланысты тақырыптарға қазіргі қызығушылық деңгейін, сонымен қатар теориялық және зерттеулерді талап ететін өзіндік мәселелерді анықталған.

Зерттеушілер негізінен «жаңа білімді қалыптастыру» түсінігін елемей, негізінен қазіргі бар білімді алу, жинақтау және қолдану тұстарын қарастыратындығы көрсетілген.

Екінші тарауда бастапқы сенімді деректерді алудың әдіснамасын нақты анықтап, әр зерттеу сұрағы бойынша алынған деректерді өңдей отырып, автор өз бетінше зерттеу жүргізу дағдыларын меңгергенін көрсеткен. Зерттеу сұрақтары бойынша диссертанттың қол жеткізген шешімдері ұйымды трансформациялау жобаларында қазақстандық білімді басқару жүйесін құрудың теориялық негізі ретінде қарастырылуы керек.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында автор жүргізген зерттеу нәтижелері білімді қалыптастыру процесінің моделін құруға және білімді қалыптастыруға арналған ақпараттық жүйеге қойылатын талаптарды әзірлеуге негіз болатыны сипатталған.

Зерттеу барысында алынған барлық нәтижелер теориялық және практикалық тұрғыдан сөзсіз маңызға ие. Диссертацияның материалдары ғылыми журналдарда жеткілікті жарияланған және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда талқыланған.

Жүргізілген зерттеу автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті меңгергендігін, терең ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті жоғары дайындық деңгейіне және білімді басқару саласында кең эрудицияға ие екендігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында зерттеудің негізгі нәтижелері тұжырымдалды:

**Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:**

1. Ұйымның ағымдағы қызметі процесінде білім қалыптастыру жүйесінің болмауы оның даму жобаларын жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі болып табылатыны дәлелденді;

2. Ұйымның ағымдағы іс-әрекеті процесінде басқару субъектілерінің жеке білімін қалыптастыруға әсер ететін 5 фактор анықталды:

- 1) елдегі жобалық басқарудың ұйымдық мәдениетінің деңгейі;
- 2) ұйымның дамуын басқару процесіне СЕО-ның қатысуы;
- 3) Жобаларды басқару кеңсесінің (РМО) болуы;
- 4) білімді қалыптастыру жүйесінің болуы;
- 5) ынталандыру жүйесінің бар болуы.

3. Басқару субъектілерінің білім деңгейлерінің авторлық жіктемесі және білімді басқару теориясының ұғымдық-терминологиялық аппарат құрылды;

4. Ұйымдар білімінің өсуін өлшеудің авторлық критерийлер жиынтығы ұсынылды;

5. Басқару субъектісінің жасырын білімін топтық және корпоративтік білімге айналдыру негізінде білім қалыптастыру процесінің моделі құрылды;

6. «Жобалар арқылы дамуды басқару» тұжырымдамасы аясында әзірленген Insight-DNA технологиясы негізінде білімді қалыптастырудың ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптар айқындалды.

А.С.Жолтаеваның диссертациялық жұмысы ішкі логикалық тұтастығы сақталған, тәжірибелік маңыздылығы бар, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Диссертация тақырыбы бойынша автордың 11 ғылыми жұмысы жарияланған. Докторанттың диссертациялық жұмысындағы негізгі нәтижелер мен ережелер кең ауқымды апробациядан өткен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған баспаларында 3 мақала, SCOPUS компаниясының базасына енетін халақаралық баспаларында 1 мақала, сонымен қатар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинақтарында 7 мақала жарияланған.

Ұсынылып отырған А.С. Жолтаеваның диссертациялық жұмысы мазмұны бойынша ҚР Білім және ғылым Министрлігінің білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті талаптарына сәйкес рәсімделген.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында А.С. Жолтаева ғылыми әдебиеттерді меңгерудегі сауаттылығының, ғылымға деген құштарлығы мен еңбекқорлығының арқасында айқындалған барлық міндеттерді орындап шықты.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Айбарша Сержанқызы Жолтаеваның «Жобалардағы білімді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбында жазған диссертациялық жұмысы 6B51800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ**  
**«Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасының**  
**профессоры, т.ғ.д.**



**А.Ф. Цеховой**